

Қорытындылай келе, Ы.Алтынсарин өз шығармаларында қазақ балаларының жан-жақты білімді, еңбекқор, ізденімпаз, тындырымды адам болғанын, халқы үшін жанын аямаған, кісіптік білім беру ісін жолға қойып, оны сан-салалы етіп дамыта түскісі келетінін қалайтынын байқаймыз. Жалпы Ыбырайдың бұл ой-мақсаттары қазір де еш маңызын жоғалтқан жоқ, тіпті бүгінгі заманның көкейкесті мәселесіне айналып, елімізде бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауда өз қажеттілігі көрсетіп отыр. Өйткені қай дамыған елдің өсу жолына көз жіберіп қарасақ та жастардың білімін кәсіби деңгейде жоғары даярлау – ілгері басудың, тұрақты дамудың алғышарттарының бірі екендігін байқаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин: Деректі ғұмырбаяндық эссе-хикаят және ғылыми зерттеулер 3 томдық шығармалар жинағы. 1-ші том. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2015. – 632 б.
2. Оспанұлы С. Алтынсарин әлемі. – Қостанай: Центрум ЖШС, 2018. – 294 б.
3. <http://zhalagash-kitap.kz/ar-turli/10-ar-turli/22-ybyrai.html>
4. М. Ә. Мұстафина // Ы. Алтынсариннің шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы. file:///C:/Users/User/Downloads/1365-1-2635-1-10-20151016.pdf

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК РӨЛІ

*Қажзақпар Әйгерім Ермекқызы*  
Гуманитарлық ғылымдар магистрі,  
Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі, Көкшетау қ.

#### Аннотация

Өзектілігі: Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік мәні, қазақ халқының бала тәрбиесіндегі маңызы.

Мақсаты: Өзінің әңгімелері арқылы қазақ балалар әдебиетінің негізін салған ағартушы Ыбырай Алтынсариннің туындыларымен таныстыру, тәрбиелік мәнін түсіндіру.

**Түйінді сөздер:** қазақ, халық, тәрбие, шығарма, Ыбырай Алтынсарин, педагог, ағартушы, мектеп.

#### Аннотация

Актуальность: Воспитательное значение рассказов Ибрая Алтынсарина, значение казахского народа в воспитании детей.

Цель: Познакомить с произведениями просветителя Ыбыррая Алтынсарина, положившего начало казахской детской литературе, объяснить воспитательное значение.

**Ключевые слова:** Казахский, народный, воспитательный, сочинение, Ыбыррай Алтынсарин, педагог, просветитель, школа.

#### Abstract

Relevance: Educational significance of Ibray Altynsarin's stories, the significance of the Kazakh people in the upbringing of children.

Goal: Through their stories, to introduce the works of the educator Ibray Altynsarin, who laid the foundation for Kazakh children's literature, to explain the educational significance.

**Keywords:** Kazakh, folk, educational, essay, Ybyray Altynsarin, teacher, educator, school.

Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі ХІХ ғасырдың 60-70-жылдарында қазақ халқының өмірінде болған тарихи-әлеуметтік үлкен өзгерістермен сабақтас, солармен тікелей байланысты. Ол өзінің әдеби шығармаларымен тіршіліктің өзекті проблемаларын көтеруге батыл бет бұрды.

Ұлы педагог-ғалым қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар, озық ойлар енгізді. Шиеленіскен тартыстар, соны бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да өркендетті. Қазақ даласының сұлу табиғаты, ұшан-теңіз байлығы, еңбек пен еңбек адамдары туралы әсем лирикалық өлеңдер, қысқа да әсерлі әңгімелер, сол кездегі қоғам өмірінің сан алуан жайларын шебер сипаттайтын публицисти-

калық мақалалар жазды. Оның шығармаларында философиялық пайымдаулар мен тұжырымдар молынан келтірілді. Орыс тіліндегі балаларға арналған көптеген еңбектерді қазақ тіліне жеңіл аударып білді. Сөйтіп, ұлтымыздың халық ағарту саласында көп еңбек етті.

«Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз». Ыбырай Алтынсарин. Аса кернекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ой пікірі, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жанашыл-педагог, жаңа мектептердің ұйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын прозашы, қазақ тарихының жанашыры ретінде кеңінен мәлім.

Алтынсарин облыстық мектептер инспекторы болып қызмет істегенде, ағартушылық жұмысын тыңнан ұйымдастыруына тура келді. Ағартушылық жұмысын іске асыруда талай қыйыншылықтарға кездесті. Ол жылдан аса уақыттың ішінде Қараторғай болысында (Торғай уезі), Карабұтақ болысында (Ырғыз уезі), Обаған және Жетіқара болыстарында (Қостанай уезі), Берте болысында небәрі бес болыстық мектептер ашып үлгерді. Осы кезде ол Қостанай және Ақтебе қалаларында орыс балаларына арнап екі мектеп ашты. Бұл мектептер ашылғанда Ыбырай Алтынсарин ішінде езі болып, бірінші үлгілі сабақты оқушыларға езі береді.

Ыбырай Алтынсарин уездік қалаларда 4 орталық орыс-қазақ училищелерін, бір қоленері училищесін, 5 болыстық мектептерді, орыс балаларына арнап 2 мектеп ашып, оларды тегіс жабдықтады. Ол ағартушылық қызметінде балаларды оқыту және тәрбиелеу, мұғалімдердің беделін кетеру, релін арттыру мәселелері үлкен орын алады. Ол мұғалімдер оқушыларын ез балаларындай керулері керек, сонда ғана оқу жұмысы ойдағыдай ілгері басады деген болатын.

Халық ағарту жұмысын ілгері дамытудағы мұғалімдердің релін Ыбырай Алтынсарин былайша бағалады: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді, сондықтан, жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі, кебінесе, істің қазіргі басталуына байланысты; сондықтан да мен кәзір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат керемін... Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы деп жазды. Ыбырай Алтынсарин, – тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» деген [1, 28 б.].

Ұлы ағартушы орыс-қазақ мектептеріне тек орыс тілін ғана оқыйтын, оқу, жазуды ғана үйрететін мектептер деп қарауға болмайтынын ескертіп, ол мектептерден оқушыларды, тазалыққа дағдыланатын, әрнәрсеге де дұрыс ақыл-оймен қарай білетін етіп шығару керектігін айтқан болатын. Бұл-бір.

Екіншіден, қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына, мысалы, құрғақ, жылы бөлмелерде тұруға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні бар жұмыс деп қарады.

Үшіншіден, Ыбырай Алтынсариннің бала тәрбиесіне қатысты ұлы ағартушылық идеясы оның көркем шығармаларында да, ғылыми мақалаларында көрініс тапты. Ол өзінің әңгімелері арқылы қазақ балаларының заманына лайықты озық азаматтық көзқарасын қалыптастыруды көздеді. Оның бұл педагогикалық қағидалары күні бүгінге дейін бала тәрбиесіндегі маңызын жойған жоқ [2, 96].

Ыбырай Алтынсарин әрі ақын, әрі қара сөздің ұстасы, қазақтың әдеби тілінің негізін салған артына ғылыми мұра қалдырған тұлғалардың бірі. Алтынсариннің көркем әдеби шығармалары оның «Қазақ хрестоматиясында» Орынбор 1878 жылы 1 кітабында басылып шықты. Бұл кітап тек оқу құралы ғана емес, сол кездегі бала тәрбиесіне арналған көркем шығарма, озат ой-пікір ұлт қазынасы болды.

Алтынсарин көркем шығармаларын жұртшылыққа түсінікті тілде жазды. Оның шығармаларында халықтың көркем сөздіктері қорытылып, біркелкі қалыпқа түсірілді.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық, мағнасы қызғылықты ұсақ әңгімелер жазды. Автордың бұл әңгімелерінің балалар үшін, тәрбиелік рөлі ерекше болғандығы күмән туғызбайды.

Қазақ балаларын оқып білім алуға шақырған үндеуін «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдері арқылы жеткізді. Ыбырай Алтынсарин өзінің белгілі шығармасы «Қазақ хрестоматиясында» (Орынбор, 1879 жыл) «Сөзбасы» деген атпен бастырды. Демек, бұл өлеңінде қазақ жастарын автор оқып білім алуға үгіттеді, өткір тілмен, майда сөзбен үндеу ретінде жазды. «Балғажа бидің баласына жазған хаты» сол «Қазақ хрестоматиясының» ішінде «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаты» бөлімінде басылған өлеңінде балаларға оқудың маңызын ұғындырды.

«Шеше мен бала» деген Ы. Алтынсариннің өлеңнің бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық, психологиялық маңызы өте зор. Бұл өлеңдері жасөспірім балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, өнегелі болуға тәрбиелейді. Орыс классиктерінің де (М.Ю. Лермонтов, Некрасов т.б) шығармаларында да осы сарында жазылған өлеңдер жиі кездесетіндігі жұртшылыққа мәлім. Мәселен, «Бәріміз бір адамның баласымыз», «Аразбол, кедей болсаң ұрлықпенен», «Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға», «Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған», «Ағайын жат болады алыс болса», «Асылы залымдардың лайланды», «Әй достарым!», «Әй, жігіттер!», «Азған елдің хандары», «Азған елдің қожасы», «Азған елдің молдасы», «Азған елдің билері», «Азған елдің байлары», «Береке кеткен елдерде», «Азған елдің адамына» деген өлеңдері жастарға айтқан өсиеті. Бұл өлеңін Ы. Алтынсарин «Бәріміз бір адамның баласымыз» деп бастағанда, ол қазақ жастарының ынтымақшыл бірлікте болуға шақырғандығын көреміз. Осы өлеңдерінде автор халық әдебиеті мұрасының негізінде ұлттық тәрбие діндегі ата-бабалардың рухани мұраларының сабақтастығын сақтаудағы тәрбиенің бір жолы қазақтың халық әдебиеті арқылы дамытуды көздегендігі сезіледі.

Жалпы Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері 1876-1879-жылдар арасында жазылып, бірінші рет «Қазақ хрестоматиясында» басылып шыққан болатын-ды. Бұл әңгімелердің кейбіреулері орыс жазушылары мен орыс педагогтерінің шығармалары үлгісінде жазылған. Мысалы, «Бір уыс мақта», «Аурудан аяңған күштірек», «Алтын шеттеулік», «Тышқанның өсиеті», «Шеше мен бала», «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Қарға мен құрт», «Түлкі мен ешкі» тағы басқалары сол кездегі орыс педагогтерінің (Ушинский, Толстой, Паульсон, Крылов) шығармалары үлгісінде жазылған. Ал, олардың ішінде бірнешеулерінің мағынасы негізінде орыс педагогтерінің шығармаларына ұқсас келеді. Осы әңгімелер бір стильде дидактикалық мақсатта жазылған. Бұл жөнінде «Қазақ хрестоматиясына» жазған алғы сөзінде және әркімдерге жазылған хаттарында автордың өзі де ескертеді. Сөз құрылысы жатық, көпшілікке түсінікті, қазақтың сұлу жалпақ тілімен көңілге қонатындай етіп, оқушы балаларға тәлім-тәрбие беруге арналған [3, 81].

Көптеген әңгімелерінде жазушы қоғам өміріндегі мынадай көкейкесті мәселелерді көтеріп, жұртшылықты жаңа өмірге жетелейді:

- Табиғатты қорғауға байланысты жазылған «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» атты әңгімесінде балаларға қоршаған ортаның тазалығын сақтау мақсатындағы «обалсауап» ұғымының мәнін түсіндіріп, экологиялық түсініктерін қалыптастырады;

- «Асыл шөп» деген әңгімесінде Злиха мен Бәтима дейтін екі кішкене қыздың оқиғасын өрбіте отырып, «Сабыр түбі – сары алтын» екенін әңгімелейді;

- «Петр патшаның тергелгені» атты әңгімесінде Петр патша өз қателігін мойындап, сот алқасының әділ үкіміне риза болып: «Законға мен мұнша көнгенімде, бөтендер көнбестік етуді ойынан шығарсын!» – деп бұйырыпты. Бұл қарапайым әңгіме кез келген оқырманға әділеттік туралы ой салады;

• «Әке мен бала» әңгімесінің арқауы – «Аз қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең – көптен де құры боласың» деген нақыл сөз;

• «Мақта қыз бен мысық» атты әңгіме әлем балалар әдебиетінің үздік үлгілері қатарында тұруға лайық дүние: қысқа-қысқа баяндау үлгілері, екеуара сөз қағысу, авторлық қыстырма шығармаға жинақылық, жедел даму дарытады;

• «Лұқпан Әкім», «Надандық», «Киіз үй мен ағаш үй», «Дүниеде жамандық неден?» деген шығармалар қоғамдық өмірдің әр түрлі жайларына арналған. Бұларда автор сол дәуірдің елеулі мәселелерін көтерді, надандық бұлты басып келген халықтың санасын оятып, көкірегін ашуды көздеді;

– «Түлкі мен ешкі», «Жәнібек батыр», «Баланың айласы», т.б. осылай жалғаса беретін әңгімелер топтамасында Батыс пен Шығыстың әдеби үлгілерінің ең татымды тұстарын алып, кейбіреуін тәржімалап, кейбіреуін ықшамдап баршаға түсінікті етіп береді.

«Қазақ хрестоматиясына» арнап жазылған ғибратты қазақтың әңгімелерімен қатар Ыбырай келесі мәтіндердің авторы:

- «Орақ батырдың баласы Әлібек мырзаның бір ханға айтқан сөзі».
- «Сейітахмет деген жігіттің үйіне түсірмеген құрбысына айтқан сөзі».
- «Нұржан бидің бір сөзі».
- «Орынбай ақынның Ерден батырды мақтаған сөзі».
- «Бір ақынның әділ төреге айтқан сөзі».

Бұл мәтіндердің бәрі – қазақ әдебиеті үшін аса маңызды мағлұматтар. Сонымен, Ыбырай Алтынсарин өзінің әңгімелері арқылы қазақ балалар әдебиетінің негізін салды. Бұл – оның айрықша атап айтар тарихи еңбегі. Оның әңгімелерінің көркемдігі жоғары, нақты оқиғаны дәл баяндайды және шыншыл. Жазушы-ағартушы адамдар бой [4, 25].

Ұлы ағартушының шығармаларына тән нәрсе – еңбекқорлыққа, Отанын сүйуге, білімді болуға, шыншыл әділетті болып өсуге баулитын тәрбие мәселесі.

Сонымен айтпағымыз, Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұраларын мектеп оқушыларына насихаттауымыз керек. Ол үшін бастауыш мектептердегі сыныптан тыс жұмыстарға Ы.Алтынсариннің тәрбиелік маңызы зор әңгімелерін оқытуды жопарлы түрде енгізу қажет.

Автор өзінің әңгімелерінде ұлттық сана мен мәдениетін, қазақтың дәстүрлі ұлттық салтымен келбетін сақтап одан әрі дамуын біліммен байланыстырды. Қазақ халқының өзге ұлттан кем болмауын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы оқу білімде, деп білді. Ұлы ағартушының әдеби шығармаларында көрініс тапқан ағартушылық идеяларының тәрбиелік рөлі күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Ойымыздың түйінін Ыбырай Алтынсариннің: «Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз» – деген ұлағатты сөзімен аяқтауды жөн көрдік.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы: 1955. – 413 б.
2. «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Қостанай, 2011. – 227 б.
3. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 168 б.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. – Алматы: Санат, 1997. – 859-б.